



Қошқарова Ә.С.

СТУДЕНТТЕРДІҢ МІНЕЗ- ҚҰЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҮРФЫДАН ТАЛДАУ МӘСЕЛЕСІ

*В статье рассматриваются вопросы
анализа особенностей характера
студентов в психологическом аспекте.*

*The article considers the problems of
analysis of peculiarities of characters of
students in psychological aspect.*

Мінез-құлыш мәдениеті - адами қарым-қатынастың негізгі талаптары мен ережелерін сақтау, айналасындағылармен дұрыс қарым-қатынас құра білу. Мінез-құлыш ерекшелігін адамның жүріс-тұрысы, іс-эрекеті жиынтығының көрінісі айқындауды. Мінез-құлыш – адамгершілік нормаларына сай келетін жағымды іс-эрекеттен немесе қоғамдық нормаларға қайши келетін жағымсыз іс-эрекеттерден тұруы мүмкін. Мінез-құлыштық ерекшеліктер адамгершілік категорияларға жатады. Ол – адамның қоғамдағы мінез-құлышын реттеу қызметін аткаралың әлеу-меттік институт, қоғам толық макұлданған заңды талаптардың орындалу барысымен анықталады. Мінез-құлыш мәдениеті адамның өскен ортасына, адамдармен күнделікті қарым-қатынасына, білім өресінен, үлгі-өнегесіне байланысты [1].

Мінез-құлыш мәдениеті қалыптасқан адам бойында қоғамда өзін-өзі ұстаудың белгілі дағылары болады. «Педагогикалық энциклопедияда» бұл түсінік адамдардың ортақ өмір сүруінін негізгі талаптары мен ережелеріне сүйену деп түсіндірледі. Яғни, бұл - адамдардың арасындағы өзара қатынастардың жоғарғы дәрежеде жүзеге асуын білдіреді. Сөйтіп, мінез-құлыш мәдениетін адамдардың қазіргі уақыттағы, өркениетті қоғамның нормалары және ереже-леріне сай өзара қатынастарға тұсу ретінде қарастыруға болады.

В.Г. Крысько мінез-құлышты қажеттілік пен қызығушылықты қанағаттандыруға бағыт-талған адам әрекеті жиынтығының сыртқы көрінісі деп қарайды [2.9].

Зорлықсыз, ізгілікті қылықтарда адамның мінез-құлышы көрінеді. Мінез-құлыш дегеніміз - адамның генетикалық ерекшеліктеріне байланысты болып, өмір жағдайларына сәйкес және солардың ықпалымен байқалып отыратын тұракты психикалық ерекшеліктерінің жиынтығы. Адам өзінін мінез-құлышына бақылау жасау арқылы мінездегі мінін түзетуге, жағымсыз әрекет, дөрекі мінездерден өзін тыйып ұстаудына болады. Мінез-құлыш адамның өзіне, маңайын-дагы басқа адамдарға, тапсырылған іске қалай карайтынан байқалады. Адам мінез-құлышының алғашқы көрінісі - қылық. Мұнда тұлғаның беталысы, адамгершілік талғам-сенімі көрініс береді [3].

Сөйтіп, негізгі түсініктеге жасалған талдау бізге студенттердің мінез-құлыш әрекеттер жиынтығының сыртқы көрінісі ретінде қарастура мүмкіндік береді. Бұл әрекеттер студенттің «басқаға» құрметпен қарауын, онын «басқаны» жалпы көру мүмкіндігін, «басқаны» толықканды, тен дәрежедегі тұлға деп көру кабілеттілігін, «басқамен» сынни диалогқа эмоционалдық-еріктік дайын болуын,



ымырашылыққа қабілеттілігін және жанжалды жену мен болдырмау үшін өз кызығушылығынан айнуға дайын, өзін-өзі жетілдіру мақсатында өзіне басқалар сияктысыни тұрғыда қарауын жорамалдайды.

Студенттерде мінез-құлыштық қалыптастыру мәселесін зерттеу негізгі әдіснамалық жолдарды ерекше атап қөрсету қажеттілігін туғызады.

Классикалық және қазіргі заманғы педагогикалық зерттеулерде ұсынылған көптеген пікірлердің арасында, Б.И. Третьяков мінез-құлыштық қалыптастыруды тұлғалық-бағдарлық, коммуникативтік-диалогтік, мәдени, шығармашылық, қоршаған орта және жүйелік тұрғыдан қарастырған [4.13].

Тұлғалық-бағдарлық тұрғыдан қарау студенттердің мүмкіндіктерін жан-жақты есепке алуға және олардың өзіндік ерекшеліктерін дамытуға арналған қажетті шарттарды қамтамасыз етеді, баланы корғаудың негізгі стратегиясы мен тактикасын көрсетеді. Мақсат парадигмасының өзіндік ерекшелігі студенттердің қасиеттеріне, қалыптасуына, дамуына, қабілеттеріне сай бағдарлау ретінде тұжырымдалады. Бұл – өзінін ар-ожданын жете түсінетін және басқалардың ар-ожданын, құқын, еркін құрметтейтін тұтас, еркін тұлғаны қалыптастыру.

Мінез-құлыштық көрінісінің себебін талдау барысында оның бірі «Мен тұжырымдамасының» қалыптасуының болмауы деп көрсетілген. «Мен тұжырымдамасы» деп біз тұлғаның мінез-құлыштықтың қалыптасуына негіз болатын өзі туралы саналы және саналы емес көзқарастарының жүйесін айтамыз. Жағымсыз «Мен тұжырымдамасы» («Мен ұнамаймын», «Мен керек емеспін») табысына кедергі болады, оның жағымсыз жаққа қарай өзгеруіне ықпал етеді. Жағымды «Мен тұжырымдамасының» қалыптасуы үшін мынадай жағдайлар қажет: *әр студентті бірегей тұлға деп қарап, оны құрметтей, қабылдау, оған сену; студентке табыс, тілектестік жағдайын жасасу; студенттердің жағымсыз мінез-құлыштарының себебін түсіну және олардың ар-ожданына тимей, оны жоға білу; жағымды іс-әрекеттер арқылы жүзеге асыруға мүмкіндік беру.*

Коммуникативтік-диалогтық тұрғыдан қарау тұпкі нәтижеге жетуді болжауда ашық, тен құқылы өзара қарым-қатынас болып табылатын барлық субъектілердің өзара әрекетін құрудан тұрады. Бұл тұрғыдан қарау «біріншіден, барлық жақтың мақсаттары мен мұдделерін ескеру арқылы, екіншіден, бірін-бірі сыйлау мен тепе-тендікті сақтау арқылы табысқа жетуге болатын коммуникацияны тен дәрежедегі диалог деп есептеу» басты орын алады [5.11].

Мінез-құлыштық критерий жастарадың өзара қарым-қатынасқа тікелей қатысуын, нақты әрекет етуін қажетсінін және студенттің агрессияны болдырмауға талпынысын, басқаларды бағалау мен пайымдағы үзілді-кесілді пікірлерін, «басқалармен» диалогқа түсінілдіктермен ортақ тіл табыса білуін көрсетеді.

Коммуникативтік-диалогтік тұрғыдан қарауда педагог пен студенттің субъект-субъектілік өзара байланысы маңызды болып табылады. Бұл шарт тәрбиелік кеңістіктің мінез-құлыш үлгілерімен толықтырылуын қажет етеді. Ал мінез-құлыштық иелері алдымен педагогтар, сондай-ақ кейбір студенттер болып табылады.

Мәдени тұрғыдан қарау (М. Бахтин, В.С. Библер, М.С. Каган, В.В. Медушевский, Н.Е. Щуркова) педагогикалық оқығалардың барысын өмірдегі мәдени өлшемдер мен мәдениет арқылы танылған жоғары құндылықтар негізінде талдауды қажет етеді. Осыған байланысты әлемдік мәдениет дамуындағы прогрессивті тенденцияларды ескеру қажеттілігі және өскелен ұрпақты әлемдік мәдениет контекстінде өмір сүре алатындей, жалпы адамзаттық құндылықтарды қабылдай және оларды ұлттық, Отандық құндылықтармен үндестіре, байланыстыра білетіндей етіп өсіру қажеттілігі пайда болады. Мұндай тұрғыдан қарау бірлескен әлемдік қауымдастықта талпынысқа сай келеді, бұл жағдайда тәрбиeler бетіндегі адамдар арасындағы бірліктін дамуындағы нақты фактор қызметін аткарады. Мәдени тұрғыдан қарау әр окушыға әлемдік, ұлттық қоғамда психологиялық жақсы жағдай жасайды.

«Этнос» - белгілі бір терриорияда тілі, мәдениеті мен психологиялық ортақ қасиеттері және өздерінен тән тұракты ерекшеліктері негізінде тарихи қалыптасқан адамдардың бірлестігі [6. 253].

Әр этнос пен этномәдениет, төмендегідей өзіндік қасиеттерімен ерекшеленеді: 1) *еңбек іс-әрекетінің сипаты және арнайы дәстүрлері;* 2) *тұрмыс пен үйдегі қолайлышы, жсанұялық бағыт пен жсанұя мүшелерінің өзара қарым-қатынасы туралы көзқарастары;* 3) *ойын-сауық тәсілдері;* 4) *әден туралы, сыртқы сезім мен құмарлықтың байқалуындағы әдемілік пен кейінсіздік туралы түсінік;* 5) *жасақсылық пен жамандық, ыза мен әден, тект, құрмет пен сабырлылық және т.б. түсінү.*

Ұлттық мәдениет аспектілерінің мәселелері өз мәдениетінді сыйлау, оның құндылығына сеніммен қарау және үнемі басқа мәдениетпен қарым-қатынаста болумен ерекшеленеді.



Мәдени тұрғыдан қарау келесі мәселелердің шешімін табуға көмектеседі: *студенттердің өз халықтың мәдениетін меңгеруі басқа мәдениеттерге кіргізу шарты ретінде; студенттерде әлем мәдениетінің көп түрлілігі туралы ойды қалыптастыру; мәдени айырмашылықтарға дұрыс көзқарасты тәрбиелеу, себебі бұл адамзат дамуына мүмкіндік тұзыздады және әрбір жеке адамның тұлға болып қалыптасуына әсер етеді; студенттердің басқа халықтар мәдениетін түсінүү үшін жағдай жасау; басқа мәдениет өкілдерімен штімді қарым-қатынас жасау біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыру және дамыту; студенттерді рухани татулыққа, шыдамдылыққа, ұлтаралық тығыз қарым-қатынасқа, адамгершіліке тәрбиелеу.*

Маңыздылардың бірі - әрекетшіл тұрғыдан қарау болып табылады. Жетекші психологтардың еңбектерінде тұлғалық-бағдарлық тұрғыдан қарау тереңдетіледі және әрекет теориясына, оның психологиялық түсініктемесіне негізделеді деп атап көрсетілген. Тұлғаның әрекеттік мәні, оның занды тұрде дамуы мен қалыптасуы Л.Н. Коган, А.Н. Леонтьев, Л.Р. Буеваның еңбектерінде баяндалған.

Әрекет - адамның тіршілік ету түрі болып табылатын және қоршаған ортамен, әлемдегі заттармен және адамдармен байланыстыратын құрал. Осы әрекеттің көмегімен жеке тұлға өзінің қоршаған ортамен табиғатпен қарым-қатынасын қалыптастырады. Соңдықтан тәрбиеге әсер ететін жүйені қалыптастыру әртүрлі әрекет түрлерінің әрекшеліктерімен сипаттың ескеруді талап етеді, өйткені оған өсіп келе жатқан адам, оның мәні, көлемі, сәйкестігі енгізілген. Қалыптастыру міндеттерін шешудің негізін адам әрекеттерінің бір-біріне бағынуы, олардың даму барысында өзгеруі құрайды [7].

А.Н. Леонтьев: «Мұндай көзқарас әсіресе баланың іс-әрекетіне, оның қазіргі жағдайындағы қарым-қатынасына әсер етеді, соңдықтан оның психикасын және санасын анықтайты», - деп көрсетеді [8.48].

Гуманистік көзқарас педагогикалық үдерістің тұлға дамуына, оның мүмкіндіктерін ашуға, адамдың жоғарғы құндылық деп тануға бағдар беруіне арналады. Гуманистік тәрбие беруде колданылатын ұғымдарды түсіндіретін болсақ, біріншіден, гуманизм, адамгершілік ұғымдарынан бастау алады.

Гуманизм - (лат. *gumanus* - адамгершілік) – дүниетаным қағидасы. Оның негізінде адамның мүмкіншілігінің шексіздігіне, өзін-өзі дамыту қабілетіне деген сенімі мен ерік бостандығын, абыройын корғау, адамның бакытқа жету жолындағы құқығы мен оның барлық сұраныстарын қамтамасыз ету қоғамның түпкілікті мақсаты деген мұрат жатады. Қазіргі кезде гуманизм адамды барынша ардақтайтын, адамгершілік қасиеттерін, бас бостандығын қорғайтын біртұтас көзқарастар жүйесі ретінде қарастырылады [9].

Адамгершілік – адамдардың күнделікті қарым-қатынасына қатысты гуманизм қағидаларын бейнелейтін қасиет. Адамдарға деген ізгінеттілік, құрмет, жанашырылған пен сенім, көнпейілділік, басқалардың муддесі үшін жанаямаушылық сияқты жеке қасиеттерді қамтиды. Адамгершілік ұғымы ізгілік, гуманизмнің синонимі ретінде, адамның игілігі мақсатқа айналғанда пайда болатын қарым-қатынастар жүйесі мен қоғамдық ахуал ретінде неғұрлым кен мәғынада қолданылады. Адамгершілік қағидалары бірлікте өмір сүру, бакытқа талпыну, мұдделерді үйлестіру мен ұжым болып жұмылудың, ауру-кемтарға, бала мен көріге жәрдемдесудің қажеттігін сезіну мен мойындау сияқты факторлар негізінде қалыптасады.

Адамгершілік мінез-құлыш - адамдарға мінез көрсету, мейірімділік, рахымдылық білдіру.

Адамгершілік тәрбиесі - тұлғаның адамгершілік сана сезімін, іс-әрекетін қалыптастырып, құндылық бағдарын айқындастырып тәрбие. Адамгершілікке негізделген қарым-қатынас тәрбиесін игерtedі. Адамды суюді, оның бостандығын, құқығын, қадыр-қасиетін құрметтеуді, рақымшылық пен шынышылдық қасиеттерін қалыптастырады.

Адамгершілік – сана-сезім, мінез-құлыштарды қалыптастыратын тәрбие. Адамгершілік сана, адамгершілік қағидалары мен мінез-құлыш нормаларын білуді қамтамасыз етеді. Адамгершілік сезім – адамның өзінің және айналасындағылардың іс-әрекетінің адамгершілік тұрғысынан қалай бағаланатынын сезінүү. Адамгершілік мінез-құлыш – адамгершілік нормалары мен қағидаларын іс жүзіндегі көрінісі [3].

Мінез-құлышты қалыптастыруға қатысты қазақ педагогикасында көптеген ғалымдардың еңбектері бар, сонын бірі ғалым С.А. Ұзақбаева «Қазақ халық педагогикасындағы эстетикалық тәрбие» атты докторлық диссертациясында халық педагогикасы педагогика ғылымдарының бір бөлігі ретінде қарастырылып, жастанарға эстетикалық тәрбие беруде халық педагогикасынын алар орнының маныздылығын айта келіп, эстетикалық тәрбиенің тұжырымдамаларын ұсынады [10].

Сонымен қатар жүйені белгілі бір деңгейде сипаттайтын параметрлер мен критерийлер бір-біріне байланысты емес және әрқайсысы өзінше өмір сүреді деген әсер қалмауы керек. Олардың арасындағы байланысты анықтау үшін берілген деңгейлер жіктелетін ортақ белгі болуы керек.



Мінез-құлыштықты қалыптастыру мақсатына жету тиянақты мазмұнмен қамтамасыз етіледі, оның ішінде дүниетанымдық идеялар, өнегелі құндылықтар, этикалық және құқықтық нормалар, жаңа заман талабына сай мінез-құлыштықтың жоғары деңгейімен ерекшеленетін студент тұлғасын қалыптастыруға қажетті білімдер, біліктер мен дағдыларды ерекше атап айтуда болады. Мінез-құлыштықты қалыптастырудың мазмұны мінез-құлыштықты тұлғаны қажет ететін қоғам талабынан тәуелді.

Осы заңдылықтар педагогикалық әрекеттілікten сабактастыры қағидасында көрініс табады, яғни бұл қағида жүйелі, функционалды ұйымдастырылған оқу-тербие үдерісінін кезеңдерін нақты, қысынды логикамен құру болып табылады.

Мінез-құлыштықты қалыптастырудың манызды жағдай жағымды аймақтық білім саясатын құру болып табылады да, гуманистік парадигманы қозғалтып, аймақтың мәдениет, тіл, әдет-ғұрып сияқты манызды әлеуметтік ерекшеліктерін көрсетеді [11.20].

Құқық жайлы халықаралық құжаттар және Қазақстан Республикасының заңды құжаттары, оның ішінде Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Білім туралы» Заны, «Бала құқы туралы» Заны жастарада мінез-құлыштық қалыптастырудың заңды негізін құрайды.

Мінез-құлыштықты қалыптастырудың бір шарты студенттердің мінез-құлыштық феноменінің мазмұны мен негізгі аспектісі жайлы ақпараттар дәрежесін көтеру. Жасөспірімдік шақта қоғамдық жауапкершілігі бар субъекттің әлеуметтік қозқарасы мен өзіндік санаасының белсенді қалыптасуы байқалады. Бұл жерде ортақ істе өзіне жауап беру, ортақ іс үшін және басқалар үшін жауап беру жайлы сөз қозғалады.

Басқа ұлттардың мәдениетімен, әдет-ғұрпымен, тұрмыс-тіршілігімен танысуы студенттің дүниетанымын көнегейтеді. Бұл бірге өмір сүруге негіз болатын құндылықты іздеу болып табылады. Осылай студенттерде басқа қозқарастар, ойлар, өзін-өзі ұстауға болатынын мойындастырын қасиет қалыптасады.

Мінез-құлыштықты қалыптастыру үдерісін педагогикалық басқару студенттердің әлеуметтік әрекеттілікке қосылуына жағдай жасау болып табылады.

Әлеуметтік мойындалатын және мақұлданатын әрекеттілікке қатысу студенттің өзін түсінуіне және өзіне баға беруіне, өз күшіне сенімді болуга және сөйте тұра басқаларды тұртқінін қоғамдық бағытын дамыта отырып, тыңдай білуге үйретеді.

Дегенімен қоғамда қалыптастырып, дамып келе жатқан жастарадың әртүрлі теріс мінез құлыштардың қалыптасуы жаһанданудын алтып ойлары мен жағымсыз бағытынын тікелей әсер етуі болып отырғаны анық. Осы болашақ жастарадың өмір сүру ұстанымдарына, дүние танымына, көз қарастарына теріс пікірлер қалыптастырмайды үшін өз мәдениетімізді, тілімізді, дінімізді, салт дәстүрімізді сақтай отырып, жалпы ұлттық құндылықтарымыз берен сенім ұстанымдарымызды қорғау әрбір азаматымыздың алдына қойған басты мақсаты болуы керек деп ойлаймын.

Әдебиеттер:

1. Степаненков Н.К. Педагогика. - Минск, 1998.
2. Крысько В.Г. Общая психология в схемах и комментариях к ним. - М.: Флинта. - 1998.
3. Яссаси Қожа Ахмет. Хикметтер /ред. Ә. Пірманов. – Алматы: Атамұра, 1995.
4. Третьяков П.И. Школа: Управление по результатам: Практика педагогического менеджмента. - М.: Новая школа, 2001.
5. Бондаревская Е.В. Ценностные основания личностно-ориентированного воспитания // Педагогика, 1995, № 4.
6. Кравченко С.А. Мнацакян М.О. Покровский Н.Е. Социология: Парадигмы и темы. - М., 1997.
7. Романов К.М. Психология межличностного познания. - Йошкар-Ола: Изд-во Мордовского ун-та, 1993.
8. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. - 2-е изд. - М.: Политиздат, 1977.
9. Большой толковый психологический словарь. I, II том. А.С. Ребер. Москва, Вече, 2001.
10. Узакбаева С.А. Эстетическое воспитание в казахской народной педагогике: Дис... д.п.н.: Алматы, 1993.
11. Прихожан А.М. Проблема подросткового кризиса // Психологическая наука и образование. - 1997. - № 1.